

Қатысқандар-32

11.12.2018 жыл

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жоспары және атқарылған жұмыстары
2. Жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына спонсорлық көмек көрсетілуі

Тыңдалды:

Мектеп директоры Жанабаева Р.К. жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі жоспармен таныстырды және қамқоршылық кеңестің демеушілігімен жаңа жылдық мереке туралы айтып өтті.

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы Угурчиева Е. сөйледі. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеттерін таныстырып, жоспар талқылап, атқарған жұмыстармен таныстырды.

Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы, жартылай жетім отбасы балаларын облыстық, аудандық жаңа жыл шыршаларына жіберу туралы сөйледі.

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 3 оқушыға жылы киімдер, 5 оқушыға жаңа жылдық тәттілер демеушілерге сұраныс берілетіндігі жөнінде айтып өтті.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмыстары жоспар бойынша атқарылсын.
2. жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілеріміз атынан көмек көрсетілу жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы  Угурчиева Е.

Хаттама №6

Атырау қаласы, №8 У.Атамбаев атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысының болып өтті.

Өтілген күні: 03.12.2020 жыл.

Қатысқандар саны: 7

Күн тәртібінде:

1. Атырау қалалық білім бөлімі, 2020 жылдың 02 желтоқсандағы № 03-04-01-12/2650 санды хатына орай, тәтті сыйлық алатын балалардың тізімін анықтау.
2. Оқушылардың әлеуметтік санаттарын ескеріп, №64 бұйрықты басшылыққа ала отырып, тәтті сыйлық алатын балалардың тізімін саралау .
3. Оқушылардың құжаттарын дайындау.

Сөз алғандар:

1. Қамқоршылық кеңес төрайымы: Угурчиева Е.Х.
Атырау қалалық білім бөлімі, 2020 жылдың 02 желтоқсандағы № 03-04-01-12/2650 санды хатына орай, қорғаншылықтағы, жартылай жетім, көп балалы, толық емес, аз қамтылған отбасылардан анықталған кезінен кемінде үш жыл мәртебесі бар балалардан тәтті сыйлық алатын 15 баланың тізімін анықтау қажет.

2. Кеңес мүшесі: Сламғалиева Г.У.

Тәтті сыйлық алатын балаларды әлеуметтік санатына сәйкес бір үйден бір баладан алса деген ұсынысым бар.

1-7 сыныптар аралығынан
Қорғаншылықта-4 оқушы,
Жартылай жетім -2 оқушы,
Аз қамтылған-6 оқушы,
Көп балалы-3 оқушы.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері мен мектеп әкімшілігі бірауыздан мақұлдады.

Кеңестің шешімі:

1. Тізімдегі оқушылар тәтті сыйлықпен қамтамассыз етілсін.
2. Оқушылардың құжаттарын дайындау әлеуметтік педагог Г.У. Сламғалиеваға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:



Угурчиева Е.Х.

Хатшы:



Сламғалиева Г.У.

Хаттама №5

Атырау қаласы, №8 У.Атамбаев атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысы болып өтті.

Өтілген күні: 15 қараша 2021 жыл

Қатысқандар саны: 5

1. Мектеп директоры: Сахипкереева К.М.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Шугаева Г.А.
3. Мектеп психологы: Жағпарова Г.И
4. Әлеуметтік педагог: Сламғалиева Г.У.
5. Ата-аналар кеңесінің төрайымы Унгарсинова А.

Күн тәртібінде:

1. Атырау қалалық білім бөлімі, Облыстық білім басқармасының 2021 жылғы 11 қарашадағы №06-01-06-02-10/1148 санды хатына орай, Президенттік шыршаға қатысушыны анықтау.
2. Оқушылардың әлеуметтік санаттарын ескеріп, №64 бұйрықты басшылыққа ала отырып, жаңа жылдық шыршаға қатысатын оқушыны саралау және шыршаға қатыстыруды қамтамасыз ету.
3. Оқушылардың құжаттарын дайындау

Сөз алғандар:

1. Қорғаншылық кеңес басшысының орынбасары Шапабаева А.А
ДТГЖО Атырау қалалық білім бөлімі, Облыстық білім басқармасының 2021 жылғы 11 қарашадағы №06-01-06-02-10/1148 санды хатына орай, Президенттік шыршаға, белгіленген санаттар бойынша (жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, ерекше білімді қажет ететін, көп балалы, дарынды балалар және тб) квоталарды белгілеу, мектептің қамқоршылық кеңесі арқылы балалардың жасы 9-13 жас аралығында және өткен жылы қатыспаған, сонымен қатар аталған санаттағы отбасылардан шыққан балалардан қатысу керектігін атап өтті.
2. Кеңес мүшесі: Унгарсинова Алия. Көрсетілген санаттағы қамқоршылықтағы оқушының Президенттік шыршаға алуымыз қажет деп ойлаймын.
3. Кеңес мүшесі: әлеуметтік педагог Сламғалиева Г.У
Бұрын қала әкімдігінің немесе Президент шыршасына ешқандай қатынаспаған, қорғаншылықтағы Хасанова Лана Александрована ұсынамын, ол оқушының жасы да, санаты да сәйкес келіп тұр. Мен осы оқушыны ұсынғым келеді.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері мен мектеп әкімшілігі бірауыздан мақұлдады.

Кеңестің шешімі:

1. Президенттік шыршаға қорғаншылықта тәрбиеленуші 4б сынып оқушысы Хасанова Лана Александрована қатыстырылсын.
2. Мектептен Президенттік шыршаға қатысуға сұраныс беру және оны уақытында белгіленген жерге жеткізу әлеуметтік педагог Г.У.Сламғалиеваға жүктелсін.

Қорғаншылық кеңес басшысының орынбасары:
Хатшы:



Шапабаева А.А
Нурғалиева А

№8 У.Атамбаева атындағы жалпы орта мектебінің
«Қамқоршылық» кеңес жиналысының
Хаттамасы № 2

Өткізілген күні: 12.01.2017ж

Өтілетін орны: акт залда

Қатысқандар: 8

Жиналыс төрайымы – мектеп директоры Р.Жанабаева.

Жиналыс хатшысы- Б.Бисекенова.

Күн тәртібі

1. «Қамқорлық» акциясын ұйымдастырып өткізу туралы.

Тыңдалды.


Күн тәртібінің мәселесін мектеп директоры Р.Жанабаева таныстырды және мәселе бойынша сөз бастады. Ата-аналар, сынып жетекшілер аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес 2016-2017 оқу жылында «Қамқорлық» акциясын ұйымдастыру әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалудың алдын алу, 6-17 жас аралығындағы балаларға орта білім беруді қамтамасыз ету, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары мен көп балалы отбасылардан және жетім ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында мектебімізде 2017 жылдың 1.08 мен 30.09 аралығында өткізіледі. Мұхтаж балаларға материалдық көмек көрсету үшін мәслихаттармен, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен, жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықты ұйымдастырылады. Әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсету үшін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын, тамақ өнімдерін қабылдау жұмыстары жүргізіледі. Сол себепті әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға көмек қолымызды созып, қажет заттарын алып беруге демеуші болайық. Бәріміз қатысайық деп сөзін аяқтады.

Келесі сөзді әлеуметтік педагог Г.Сламғалиеваға берді. Ата-аналар акцияның мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуін алдын алу, мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту, оларға көмек беру. Мектебімізде бір ай көлемінде өткізілетін «Қамқорлық» акциясының іс жоспары жасапалып, бекітілді. Жоспарымен таныстырып өтті. Көмекті қажет оқушылар анықталды.

Жарыс сөзге ата-аналар комитетінің төрайымы Е.Х. Угурчиева шығып өз ойларымен бөлісті.

Жиналыстың қаулысы:

- Мектепте «Қамқорлық» акциясы ұйымдастырылып өткізілсін.

Жиналыстың төрайымы:  Р.Жанабаева

Жиналыстың хатшысы:  Б.Бисекенова

Мерзімі: 25 қаңтар 2019 жыл

Қатысқандар:

1. Мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы: Сахипкереева К.М.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Угурчиева Е.Х.
3. Қамқоршылық кеңесі төрайым орынбасары: Унгарсинова А.С.
4. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Герук А.В.
Нургалиева А.Т.
Темірбаева Ж.Ж.

Күн тәртібі:

Бос директорлық лауазымына жарияланған конкурс бойынша құжат тапсырған кандидат Сахипкереева Карлгаш Мулхайдаровнаның даму жоспарымен танысу.

Тыңдалды.

Күн тәртібінің мәселесін мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы К.М.Сахипкереева таныстырды: «Қалалық білім бөлімінен №8 У.Атамбаев атындағы орта мектеп Қамқоршылық кеңесіне жолданған хаты: Қалалық білім бөлімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №619 «Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығы бойынша, №8 У.Атамбаев атындағы орта мектеп» бос директорлық лауазымына жарияланған конкурс бойынша құжат тапсырған кандидат тізімін жолдай отырып, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен отырыс өткізіп, хаттамалық шешім шығару.

- Сөз алғандар:**
1. Қамқоршылық кеңестің төрайымы Е.Х.Угурчиева: Біз, яғни ата-аналар, оқушылар комитеттері бүгінгі ұсынылып отырған кандидат Сахипкереева Карлгаш Мулхайдаровнаны мектеп директоры лауазымына лайықты деп ойлаймыз. Өйткені көп жылдар осы мектепте математика пәнінің мұғалімі болды, мектеп әкімшілігінің құрамында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және оқу ісінің меңгерушісі боп қызмет атқарды. Қазіргі заман талабына сай технологияны меңгерген, дұрыс ұйымдастыра білетін басшы болады деп сенеміз.
 2. А.В.Герук: Карлгаш Мулхайдаровна педагогтардың әдістемелік қызметін жетік ұйымдастыра біледі, ақпараттандыру жүйесін және мектептің инновациялық қызметін басқара алады. Карлгаш Мулхайдаровна мектептің дәстүрімен өмір сүріп, мектеп ұжымы, ата-аналар мен оқушылардың мәселелерін бірінші орынға қоя біледі.
 3. А.С.Унгарсинова: Карлгаш Мулхайдаровна оқу үрдісінде жаңашылдық енгізуге жағдай туғызады. Педагогикалық ұжымда, оқушылар мен ата-аналар арасында үлкен беделге ие. Өйткені, ол олардың әрқайсысының сөзіне құлақ асып, түсіністікпен қарайды. Ал, бұл қасиет басшыға өте қажет. Біздің ойымызша, К.Сахипкереева мектеп директоры лауазымына лайықты кандидат. Мұны ол өзінің бірнеше жыл оқу ісі меңгерушісі лауазымы қызметін атқару кезінде дәлелдеді. Сондықтан мектеп басшысы ретінде қабылдаймыз.

Қамқоршылық кеңесінің шешімі:

Бос директорлық лауазымына жарияланған конкурс бойынша құжат тапсырған кандидат Сахипкереева Карлгаш Мулхайдаровнаны №8 У.Атамбаев атындағы орта мектеп директоры лауазымына тағайындалуына ұсынылсын.

Жиналыс төрайымы:
Жиналыс хатшысы:



Угурчиева Е.Х.
Нургалиева А.Т.

«Атырау қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты жалпы білім беретін «№8 У.Атамбаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №1

Қатысқандар-11

04.11.2020 жыл

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің комиссия құрамын сайлау
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары және атқарылатын жұмысымен таныстыру.
3. Жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілік көмек көрсету.

Қаралды:

1. Тыңдалды: Мектеп директоры К.М.Сахипкереева жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі жоспармен таныстырып өтті. Онда бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесі мүшелігіне сайлау. Ол сайланған ата-аналар мектепке демеуші көмек көрсетіп және жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілік көмек көрсетілуі керек екендігі туралы айтып өтті. Қамқоршылық кеңесінің құрамына төмендегі құрамы сайланды:

1. Угурчиева Елена Христофоровна- қамқоршылық кеңестің төрайымы;
Мүшелері:
2. Унгарсынова Алия Смагуловна
3. Нургалиева Анар Танатаровна
4. Темірбаева Жеміс Жайғалиқызы
5. Герук Алексей Вячеславович
6. Шаронова Кристина Олеговна
7. Заикина Елена Константиновна
8. Султанова Саида Кенжебулатовна
9. Шапабаева Асель Амангельдиевна

2. Тыңдалды: Мектеп директоры қамқоршылық кеңесі мүшелерін жұмыс жоспарымен және атқаратын жұмыстарымен таныстырып өтті. Мектеп оқушылары арасында жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілік көмек көрсету, жазғы демалыс орындарына жіберу, қаржылай көмек көрсету кезінде отбасы жағдайын тексеріп қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.

Шешім:

1. Жоғарыдағы аталған құрам бойынша қамқоршылық кеңесі құрылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. Жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы балаларына демеушілеріміз атынан көмек көрсетілсін.

Хатшы:



Бисекенова Б.Б.

№8 У.Атамбаев атындағы орта мектеп

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №1

29.08.2018ж

Жиналыс мақсаты: Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау, қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 8-мүшесі
Мектеп басшысы: Жанабаева Р.К.
Әлеуметтік педагог: Сламгалиева Г.У.
ДТІЖО: Шаншилова А.Т.

Күн тәртібінде:

1.2017-2018 оқу жылының негізгі қорытындылары

2.5 күндік оқу күніне көшу туралы

3.«Мектепке жол акциясы» туралы

4. Мектебіміздегі оқушыларға берілетін тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы

Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шаншилова А.Т. қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық –техникалық базасының нығайтуына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты. Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің бағыттары: білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс –шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.

Тыңдалды: Әлеуметтік педагог Сламгалиева Г. шығып сөйлеп, жалпы ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңесінің мүшелері сайланған болатын, Кеңес құрамына жергілікті атқарушы және құқық қорғау өкілдері, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, ата-аналар комитеті ұсынған әр сынып ата-аналары, қайырымдылық жасаушы (демеушілер) бар екендігін айтып өтті.

Тыңдалды: Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Кенесариева А.С. 5 күндік оқуға көшудің қажеттілігі мен маңыздылығы туралы түсіндіріп өтті. Бұндай өзгеріс жаңартылған білім бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылып отырғандығы айтылды.

Тыңдалды: әлеуметтік Сламгалиева Г. «Мектепке жол» акциясы бойынша әлеуметтік қорғалатын оқушыларға демеушілердің көмегімен алынған мектеп формасы мен мектеп құралдарын беретінін айтып өтті. Сондай-ақ осы оқу

жылында ЖМББҚ есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың анықтауды ұсынды.

Тыңдалды: мектеп басшысы Жанабаева Р.К. кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып, осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына, спонсорлардың мектептің материалдық базасының нығайуына өз үлестерінін қосатынына сенім білдірді.

Шешім :

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын .

2. Мектептің материалдық базасының нығайуына үлес қосу, оның қызметіне бақылау жүргізу қамқорлық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін .

3. «Мектепке жол» акциясы бойынша әлеуметтік қорғалатын оқушыларға демеушілердің көмегімен алынған мектеп формасы мен мектеп құралдарын берілсін

4. ЖМББҚ есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізімі анықталсын

Хатшы  Бисекенова Б.Б.